Әділет

# Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1404 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006.08.14. N 765 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006.08.14.* N 765 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Әкелінетін тауарларға кеден бажының ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 14 қарашадағы N 1389 қаулысында ( Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 46, 450-құжат):

10-тармақтағы "Экономика" деген сөз "Индустрия" деген сөзбен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

мына:

"151620-дан саломас** 0 "

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"1516209801 какао-майын алмастырғыштар 5

1516209802 какао-майының эквиваленттері 5

1516209809 өзгелері 5 ";

мына:

"3926 пластмассадан жасалған өзге де бұйымдар және 3901-3914 тауар позициясының өзге де материалдарынан жасалған бұйымдар мыналардан басқа: 20, бірақ 1 кг үшін 0,48 ЕВРО-дан кем емес"

деген жолдардан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"3926100000 кеңсе немесе мектеп керек-жарақтары 5****";

мына:

| | | |
|---|---|---|
| "85 | Электр машиналары және жабдықтары, олардың бөліктері; дыбыс жазатын және дыбыс шығаратын аппаратура, теледидар бейнесі мен дыбысын жазуға және қайта жаңғыртуға арналған аппаратура және олардың бөліктері мен керек-жарақтары мыналардан басқа: " | 0 |

деген жолдардан кейін мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

| | | |
|---|---|---|
| "8504319009 | қуаты 1 кВА-дан аспайтын трансформаторлар | 20**** |
| 8504329000 | қуаты 1 кВА-дан астам, бірақ 16 кВА-дан аспайтын трансформаторлар | 15**** |
| 8504339000 | қуаты 16 кВА-дан астам, бірақ 500 кВА-дан аспайтын трансформаторлар | 15**** |
| 8504340000 | қуаты 500 кВА-дан астам трансформаторлар | 15***"; |

мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын:

"**** кеден баждарының ставкалары 2005 жылғы 1 қыркүйекке дейін қолданыста болады.";

2) "Тауарлардың жекелеген түрлеріне арналған шығарушылық кедені баждарының ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 маусымдағы N 841 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 25, 292-құжат):

көрсетілген қаулыға қосымшада:

мына:

| | | |
|---|---|---|
| "4101 | Ірі қара малдың немесе жылқы тұқымдасына жататын жануарлардың өңделмеген терілері, түк басқан немесе түк баспаған, қосарланған немесе қосарланбаған | 10, бірақ 1000 кг үшін 90 ЕВРО-дан кем емес |
| 4102 | Қойлардың өңделмеген терілері немесе қозылардың жүн басқан немесе жүн баспаған терілері, қосарланған немесе қосарланбаған, осы топқа 1 в ескертуімен алынып тасталғандардан басқа | 10, бірақ 1000 кг үшін 70 ЕВРО-дан кем емес |
| 4103 | Өзге де өңделмеген терілер, түк басқан немесе түк баспаған, қосарланған немесе қосарланбаған, осы топқа 1 б немесе 1 в | 10, бірақ 1000 кг үшін |

| | | |
|---|---|---|
| | ескертуімен алынып тасталғандардан басқа | 60 ЕВРО-дан кем емес" |

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

| | | |
|---|---|---|
| "4101 | ірі қара малдың (кодастарды қоса алғанда) немесе жылқы тұқымдасына жататын жануарлардың өңделмеген терілері (буланған немесе тұздалған, кептірілген, күлденген, басқа тәсілмен пикелденген немесе консервіленген, бірақ иленбеген, пергаментпен өңделмеген немесе одан әрі өңдеуге ұшырамаған), түк басқан немесе түк баспаған, қосарланған немесе қосарланбаған | 20, бірақ 1 тн үшін 200 ЕВРО-дан кем емес |
| 4102 | қойлардың өңделмеген терілері немесе қозылардың терішелері (буланған немесе тұздалған, кептірілген, күлденген, басқа тәсілмен пикелденген немесе консервіленген, бірақ иленбеген, пергаментпен өңделмеген немесе одан әрі өңдеуге ұшырамаған) жүн басқан немесе жүн баспаған, қосарланған немесе қосарланбаған, осы топқа 1 в ескертуімен алынып тасталғандардан басқа | 20, бірақ 1 тн үшін 200 ЕВРО-дан кем емес |
| 4103 | өзге де өңделмеген терілер (буланған немесе тұздалған, кептірілген, күлденген, басқа тәсілмен пикелденген немесе консервіленген, бірақ иленбеген, пергаментпен өңделмеген немесе одан әрі өңдеуге ұшырамаған), түк басқан немесе түк баспаған, қосарланған немесе қосарланбаған, осы топқа 1 б немесе 1 в ескертуімен алынып тасталғандардан басқа | 20, бірақ 1 тн үшін 200 ЕВРО-дан кем емес"; |

мына:

| | | |
|---|---|---|
| "7601, 7603-7616 | Өңделмеген қайталама алюминий және қайталама алюминийден жасалған бұйымдар | 15, бірақ 1 тонна |

үшін 100 ЕВРО-дан кем емес"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"76 Алюминий және одан жасалған бұйымдар 15, бірақ 1 тонна үшін 100 ЕВРО-дан кем емес".

2. Қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі екі апта мерзімде Еуропалық экономикалық қоғамдастық Интеграциялық комитетінің Хатшылығын Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайтын сыртқы сауда қызметін реттеу шаралары туралы хабардар етсін.

4. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап отыз күн өткеннен кейін күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің міндетін атқарушы*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1404 қаулысына қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. "Жекелеген тауарлардың әкелінуі мен әкетілуіне шектеу енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 5 желтоқсандағы N 1243 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 45, 410-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 5 желтоқсандағы N 1243 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 мамырдағы N 593 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 19, 207-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 және 1998 жылғы 5 желтоқсандағы N 1243 қаулыларына өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 қыркүйектегі N 1425 қаулысы 1-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 47, 434-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 5 желтоқсандағы N 1243 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 2027 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 58, 578-құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 5 желтоқсандағы N 1243 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 желтоқсандағы N 1910 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 55, 614-құжат).

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 5 желтоқсандағы N 1243 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 12 қыркүйектегі N 1177 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы , 2001 ж., N 31, 416-құжат).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК